

Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК

**ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫ ПЕДАГОГТЕРІНІҢ
АТТЕСТАТТАУДАН ӨТУІ БОЙЫНША
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

Астана – 2024

**Астана қаласының Білім басқармасы «Әдістемелік орталығы»
МКҚК**

Облыстық әдістемелік кеңесі отырысында қаралды
(2024 жылғы 19 сәуір №1/2 хаттама)

Құрастырушылар:

Рамазанова Айгуль Есеновна, Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК «Педагогтерді кәсіби дамыту» бөлімінің басшысы, «педагог-шебер»;

Кайрақбаева Алтыnguль Болатбековна, Астана қаласы, №84 мектеп-лицейі директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары

Табарова Камчат Болатовна, Астана қаласы, №24 орта мектебінің орыс тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі.

Орта білім беру ұйымдары педагогтерінің аттестаттаудан өтуі бойынша әдістемелік ұсынымдар, Астана қаласы, 2024 жыл, 48 бет

Аңдатпа

Әдістемелік ұсынымдамада орта білім беру ұйымдары педагогтерінің аттестаттаудан табысты өтуі үшін практикалық кеңестер берілген. Бұл әдістемелік ұсынымдамада педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарына енгізілген өзгерістер туралы, аттестаттаудан өткізу тәртібі мен кезеңдері, біліктілік санаттарына қойылатын талаптар, қажетті құжаттар тізбесі сипатталған. Әдістемелік ұсынымдама мектеп әкімшілігіне, педагогтер мен әдіскерлерге, сондай-ақ білім басқармалары мен бөлімдерінің мамандарына арналған.

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР – Қазақстан Республикасы;

ПББ – педагогтердің білімін бағалау;

ООӘК – Облыстық оқу-әдістемелік кеңес;

ОӘК - оқу-әдістемелік кешендер;

ОӘҚ - оқу-әдістемелік құралдар;

Уәкілетті орган - Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі.

ГЛОССАРИЙ

- 1) **аттестаттау** – педагогтердің біліктілік деңгейін анықтау мақсатында жүргізілетін рәсім, оның нәтижелері бойынша осы Қағидаларға сәйкес біліктілік санаттары беріледі (расталлады);
- 2) **аттестатталушы** – осы Қағидаларға сәйкес біліктілік санатын беруге (растауға) («Педагог лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген Педагог лауазымдарының тізбесіне сәйкес (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20400 болып тіркелген) үміткер педагог;
- 3) **аттестаттау комиссиясы** – педагогтерді аттестаттау рәсімін жүргізетін уәкілетті алқалы орган (бұдан әрі – Комиссия);
- 4) **аттестаттау кезеңі** – біліктілік санатын соңғы берген (растаған) күннен бастап келесі аттестаттау мерзімі басталғанға дейін немесе мерзімінен бұрын аттестаттау үшін шарттар болған жағдайдағы уақыт аралығы;
- 5) **апелляция** – осы Қағидаларға сәйкес ақпараттық коммуникациялық технологиялар арқылы педагогтің өтініші бойынша жүзеге асырылатын педагогтердің білімін бағалау нәтижелерін қайта қарау рәсімі;
- 6) **апелляциялық комиссия** – білім беру саласындағы уәкілетті орган құратын, педагогтердің білімін бағалау нәтижелерін қайта қарау қорытындылары бойынша шешім қабылдайтын комиссия;
- 7) **біліктілікті бағалау** – білім беру ұйымдарының педагог материалдарының (портфолио) біліктілік сипаттамаларына сәйкестігін қарауы;
- 8) **біліктілік санаты** – «Педагог» кәсіптік стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығымен бекітілген кәсіптік стандартына (бұдан әрі – Кәсіптік стандарт) (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31149 болып тіркелген) және «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығымен бекітілген біліктілік талаптарына (бұдан әрі – біліктілік сипаттамалары) (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5750 болып тіркелген) сәйкес педагогтің кәсіби құзыреттілік деңгейі;
- 9) **қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау** – педагог қызметінің дәлелдері мен жетістіктерінің біліктілік санатының талаптарына сәйкестігін бағалау рәсімі;
- 10) **педагогтің білімін бағалау** (бұдан әрі - ПББ) – осы Қағидаларға сәйкес педагогтің білім деңгейін анықтау мақсатында өткізілетін тестілеу рәсімі;
- 11) **Сараптамалық кеңес** – қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау рәсімін жүргізетін алқалы орган.
- 12) **Мемлекеттік көрсетілетін қызмет** – көрсетілетін қызметті алушылардың өтініші бойынша жеке тәртіппен немесе өтініш жасамай

жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іскеасыру нысандарының бірі;

12) **Педагог** – «Педагог лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығына сәйкес тиісті бейін бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар және педагогтің білім алушыларды және (немесе) тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу, әдістемелік сүйемелдеу немесе білім беру қызметін ұйымдастыру жөніндегі кәсіби қызметін жүзеге асыратын тұлға;

13) **Педагогтердің білімін бағалау** – білім беру саласындағы уәкілетті орган әзірлеген тест бойынша педагогтердің кәсіби құзыреттілік деңгейін айқындау мақсатында өткізілетін рәсімі

КІРІСПЕ

Бүгінгі таңда аттестаттау рәсімі педагогтердің біліктілігі мен кәсіби дағдыларын, ұзақ жылдық қызмет нәтижесін бағалаудың тиімді құралы. Аттестаттау нәтижесінде мектептерді сапалы кадрлармен қамтамасыз етуге, білім беру сапасын арттыруға және педагогтерді үздіксіз білім алуға ынталандыруға, оларға материалдық қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

Қазақстанда педагогтерді аттестаттау «Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңының 15-бап. Педагогтің міндеттері 3 тармақшасына сәйкес **бес жылда кемінде бір рет өткізіледі.**

Аттестаттаудан өткізу қағидаларының біліктілік санатына қойылатын талаптарына сәйкес келген жағдайда, **педагогтерге «педагог-сарапшы» санатынан бастап мерзімінен бұрын аттестаттаудан өтуге мүмкіндік беріледі.**

Педагогтерді аттестаттау қағидалары педагогикалық қоғамның сұранысы мен білім беру жүйесінің дамуына сәйкес жетілдіріліп отырады. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 02 сәуірдегі №72 бұйрығы бойынша, педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы 2016 жылғы 27 қаңтарда шыққан № 83 бұйрыққа өзгерістер енгізді. Осыған байланысты педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын түсіндіру және әдістемелік көмек көрсету мақсатында осы әдістемелік ұсынымдама әзірленді.

Бұл әдістемелік ұсынымдаманың бірінші бөлімінде педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарына енгізілген өзгерістер сипатталған. Бұл бөлімде аттестаттаудан өткізу тәртібі мен кезеңдері, біліктілік санаттарына қойылатын талаптар, қажетті құжаттар тізбесі туралы мәліметтер берілген.

Әдістемелік ұсынымдаманың екінші бөлімінде білім беру ұйымында педагогтерді «педагог-модератор» санатынан өткізуге қажетті ұсынымдар мен кеңестер берілген. Жалпы, осы тарауда берілген ақпарат аттестаттауға сапалы дайындалуға және табысты өтуге көмектеседі.

Әдістемелік ұсынымдар орта білім беру ұйымдарының педагогтерін аттестаттаудың қағидалары мен шарттары, тәртібі, практикалық кеңестер т. б. мәселелер қарастырылған және оларға әдістемелік көмек көрсету контекстінде өзекті. Әдістемелік ұсынымдар орта білім беру ұйымдарының педагогтеріне, әдістемелік кабинеттердің әдіскерлеріне және білім жүйесінде қызмет ететін мамандарға арналады. Сонымен қатар, білім жүйесіндегі құрылымдарда қызмет ететін мамандарға, жалпы орта білім саласы мен педагогикалық қызметке қызығушылық танытатын көпшілікке танымдық тұрғыдан пайдалы.

I БӨЛІМ. ПЕДАГОГТЕРДІ АТТЕСТАТТАУДАН ӨТКІЗУДІҢ ЖАҢА ҚАҒИДАЛАРЫ МЕН ШАРТТАРЫ

Қазақстанда педагогтер мен білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына сәйкес жүргізіледі (*ҚР Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 02 сәуірдегі № 72 бұйрығымен өзгертілген*).

Аттестаттау дегеніміз – педагогтердің біліктілік деңгейін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім, оның нәтижесі бойынша педагогтерге біліктілік санаттары беріледі немесе расталады. Біліктілік санатын бір сатыға жоғары көтеру арқылы педагогтердің жалақысына 30-дан 50%-ға дейін үстемеақы қосылады. Сонымен қатар, педагогтерге мансаптық өсу жолында біліктілік санатын көтеру міндетті шарттардың бірі болып табылады.

Елімізде педагогтерге біліктілік санаттарын берудің (растаудың) бірнеше тәртібі бар:


1) Кезекті біліктілік санаттарын беру (растау) (*кемінде 5 жылда 1 рет*);

2) Мерзімінен бұрын беру (растау), егер өтініш білдірген біліктілік санатының талаптарына сәйкес келген жағдайда (*2 жылдан кейін*);

3) Аттестаттау рәсімінсіз немесе ПББ тапсырмай, қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау арқылы беру тәртібі.

Педагогтерге біліктілік санаттарын берудің (растаудың) барлық тәртібі келесі кезеңдерден тұрады (1-сурет).

Педагогтер үшін аттестаттау рәсімі келесі кезеңдерді қамтиды:



Аттестаттауға жіберу үшін білім беру ұйымы

** техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының өндірістік оқыту шеберлері мен арнайы пәндер бойынша оқытушыларын қоспағанда*

1 кезең

Аттестаттауға жіберу үшін **білім беру ұйымы** педагогтердің, әдіскерлердің, білім беру ұйымдары мен әдістемелік кабинеттер (орталықтар) бірінші басшылардың, басшы орынбасарларының **біліктілік бағалауын портфолионы қарау арқылы жүргізеді.**

Аттестаттауға қатысатын барлық педагогтер материалдарды (портфолионы) дайындау кезінде, ал білім беру ұйымдарының комиссиясы біліктілік бағалауын жүргізген кезде **академиялық адалдық қағидаты сақтауы тиіс.**

2 кезең

Аттестацияның екінші кезеңі бойынша негізгі өзгерістер:

Қазақстанның білім беру жүйесіндегі сырттай тапсырылатын емтихандар мен мониторингтердің барлық түрлерін ұйымдастыру және өткізу, сонымен қатар оларға тест тапсырмалары базасын қалыптастыру ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Ұлттық тестілеу орталығы» айналысады (<https://testcenter.kz/>). Педагогтердің білімін бағалау (ПББ) бұл білім беру саласындағы уәкілетті орган әзірлеген тест бойынша педагогтердің кәсіби құзыреттілік деңгейін айқындау мақсатында өткізілетін рәсім.

ПББ тапсыру үшін педагог дипломда көрсетілген мамандығы немесе негізгі лауазымы бойынша **ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығына немесе ол белгілеген ұйымға өтініш береді.**

Біліктілік тестілеуі электрондық форматта өткізіледі. Өтініштерді қабылдау **онлайн режимде** жүзеге асырылады.

Төмендегі кестеде ПББ өту шарттары ұсынылған

ПББ педагогтер үшін:	
▪ күнтізбелік жыл ішінде 2 (екі) рет – 1-ші рет –тегін, 2-ші рет ақылы;	▪ ПББ өту кезінде педагогтер тапсыру тілін (қазақ, орыс), күнін, уақытын, тестілеу орнын таңдайды;
▪ күнтізбелік жыл ішінде 1 (бір) рет мерзімінен бұрын аттестаттауға өтініш берген педагогтер – ақысыз;	▪ ПББ өткендігі туралы сертификат компьютерлік тестілеу жүйесіндегі педагогтің «жеке кабинетіне» жіберіледі;
▪ сынақ (педагогтің қалауы бойынша) – күнтізбелік жыл ішінде ақылы негізде.	▪ күнтізбелік жыл ішінде 2 (екі) рет –ақысыз.

! Сынақ/ ақылы тестілеу нәтижелері аттестаттаудан өту үшін негіз болып табылмайды.

ПББ мынадай тапсырмалардан тұрады:

1) мектепке дейінгі ұйымдар мен жалпы білім беретін мектептердің, лицейлердің және гимназиялардың мектеп алды сыныптары педагогтері үшін:

«Мектепке дейінгі педагогика және психология» – жиырма тапсырма;

«Бейіні бойынша тәрбие мен оқыту әдістемесі» - отыз тапсырма;

2) бастауыш білім беру педагогтері үшін:

«Пәндік білім» - отыз тапсырма;

«Оқыту әдістемесі» - жиырма тапсырма;

3) негізгі орта және жалпы орта білім беру педагогтері үшін:

«Пәндік білім» - отыз тапсырма;

«Оқыту әдістемесі» - жиырма тапсырма;

4) қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері үшін:

«Педагогика негіздері» - отыз тапсырма;

«Психология негіздері» - жиырма тапсырма;

5) арнайы ұйымдардың, интернаттық ұйымдардың, жатақханалардың тәрбиешілері, педагог-ассистенттері, әлеуметтік педагогтері, кәсіби бағдар берушілері, тәлімгерлері үшін:

«Педагогика негіздері» - отыз тапсырма;

«Психология негіздері» - жиырма тапсырма;

б) арнайы білім беру ұйымдарының педагогтері мен білім беру ұйымдарының арнайы педагогтері үшін:

«Бейіні бойынша пәндік білім» - отыз тапсырма;

«Арнайы педагогика және психология» - жиырма тапсырма;

7) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары (оқу-өндірістік комбинаттары) үшін:

жалпы білім беретін пәндер, жалпы кәсіптік және арнайы пәндер, жалпы гуманитарлық және әлеуметтік-экономикалық пәндер бойынша оқытушылар, әдіскерлер, өндірістік оқыту шеберлері үшін:

«Пәндік білім» – отыз тапсырма;

«Оқыту әдістемесі» - жиырма тапсырма;

басқа лауазымдардың педагогтері үшін:

«Педагогика негіздері» - отыз тапсырма;

«Психология негіздері» - жиырма тапсырма;

8) білім беру ұйымдарының, әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) бірінші басшылары, басшының орынбасарлары үшін:

«Қазақстан Республикасының заңнамасын және білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілерді білу» бағыты бойынша - алпыс тест тапсырмасы:

9) әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлері үшін:

«Оқыту әдістемесі, Қазақстан Республикасының заңнамасын және білім саласындағы нормативтік құқықтық актілерін білу» - елу тапсырма.

ПББ нәтижесі шекті деңгейге жеткен кезде оң деп саналады:

1) барлық лауазымдағы педагогтер үшін:

Санаттар	Блок	Пәндер бойынша балдар	Біліктілік тестінен өту үшін (%)	Біліктілік тестінен өту үшін (балдар)
Педагог	Пәндік білім	30	50%	25
	Оқыту әдістемесі	20		
Педагог-модератор	Пәндік білім	30	60%	30
	Оқыту әдістемесі	20		
Педагог-сарапшы	Пәндік білім	30	70%	35
	Оқыту әдістемесі	20		
Педагог-зерттеуші	Пәндік білім	30	80%	40
	Оқыту әдістемесі	20		
Педагог-шебер	Пәндік білім	30	90%	45
	Оқыту әдістемесі	20		



ПББ уақыты:

- «Математика», «Физика», «Химия», «Информатика» пәндері үшін – **125 минутты;**
- Барлық бағыттағы педагогтер үшін – **80 минутты;**
- «Қосымша білім беру» бағыты үшін – **80 минутты;**
- білім беру ұйымдарының (әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) бірінші басшылары, басшының орынбасарлары, әдістемелік кабинеттер (орталықтар) әдіскерлері үшін – **90 минут;**
- мүмкіндіктері шектеулі (көру, есту, тірек-қимыл аппараты бұзылған) тұлғалар үшін *қосымша* **40** (қырық) минут беріледі.

ПББ өткізу кезінде тыйым салынған зат немесе ереже бұзушылық анықталған жағдайда педагогке **бір жыл мерзімге аттестаттаудан өтуге рұқсат берілмейді.** ПББ өткізу талаптарын бұзу деректері қайта анықталған жағдайда педагог, бөлімнің басшысы (меңгерушісі), әдістемелік кабинеттің (орталықтың) әдіскері, білім беру ұйымы, әдістемелік кабинеттің (орталықтың) басшысы орынбасары – **бес жылға**, білім беру ұйымының, әдістемелік кабинеттің (орталықтың) басшысы – **үш жылға** аттестаттаудан өтуге **жіберілмейді.**



ПББ өткізу кезінде жол берілмейді:

<ul style="list-style-type: none"> тестілеу техникасы мен қауіпсіздік жүйесіне қасақана зиян келтіруге;
<ul style="list-style-type: none"> ПББ өтуіне байланысты тестілеу жүйесіне бұзушылық әрекет жасап, араласуға; дәліз бойынша кезекші қызметін атқаратын адамның рұқсатынсыз және қолдауынсыз аудиториядан (компьютерлік сыныптан) шығу;
<ul style="list-style-type: none"> педагогтердің денсаулығына байланысты жағдайларды қоспағанда, аудиториядан (компьютерлік кабинеттен) 10 (он) минуттан аспайтын және 2 (екі) реттен артық шықпауға, бұл ретте тестілеудің бірінші және соңғы сағаттарында шығуға;
<ul style="list-style-type: none"> жанындағы адаммен сөйлесуге, бір жерден екінші жерге ауысу;
<ul style="list-style-type: none"> жұмыс үшін берілген құжаттар мен А4 форматындағы қағаздармен алмасуға;
<ul style="list-style-type: none"> аудиторияға (компьютерлік кабинетке) келесі тыйым салынған заттарды: мобильді байланыс құралдары (пейджер, ұялы телефондар, планшеттер, iPad (Айпад), iPod (Айпод), SmartPhone (смартфон), рациялар, ноутбуктер, плеерлер, модемдер (мобильді маршрутизаторлар), смарт сағаттар, смарт көзілдіріктер, фитнес-білезіктер (трекерлер), диктофон, сымды құлаққаптар, сымсыз, микроқұлаққаптар, сымсыз бейнекамералар, GPS (ДжиПиЭс) навигаторлар, GPS (ДжиПиЭс) трекерлер, қашықтан басқару құрылғылары, сонымен қатар келесі стандарттарда жұмыс істейтін басқа да ақпарат алмасу құрылғылары: GSM (ДжиСиМ), 3G (3 Джи), 4G (4 Джи), 5G (5 Джи), VHF (ВиЭйчЭф), UHF (ЮЭйчЭф), Wi-Fi (Вай-фай), GPS (ДжиПиЭс), Bluetooth (Блютуз), Dect (Дект) енгізуге;
<ul style="list-style-type: none"> аудиторияға (компьютерлік кабинетке) шпаргалкаларды, оқу-әдістемелік әдебиеттерді, Менделеевтің периодтық және тұздардың ерігіштік кестелерін, калькуляторды, түрлі форматтағы қағаздарды енгізуге;
<ul style="list-style-type: none"> аудиториядан (компьютерлік кабинеттен) түрлі форматтағы қағаздарды шығаруға рұқсат етілмейді.

Тестілеу аяқталғаннан кейін педагог компьютер экранында көрсетілетін тестілеу нәтижелерімен танысады. Апелляция өткізілген жағдайда ПББ өткені туралы сертификат апелляцияны ескере отырып, педагогтің жеке кабинетіне жіберіледі.

Апелляция мынадай жағдайларда қаралады:

Тест тапсырмаларының мазмұны бойынша:	Техникалық себептер бойынша:
<ul style="list-style-type: none"> дұрыс жауаптың негіздемесімен келіспегенде; 	<ul style="list-style-type: none"> тест тапсырмаларында фрагменттің немесе мәтіннің
<ul style="list-style-type: none"> дұрыс жауап болмағанда; 	
<ul style="list-style-type: none"> бірден көп дұрыс жауап болғанда; 	

Қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау үшін ұсынылған материалдарды (портфолиоларды) Комиссия жылына **бір рет** Сараптамалық кеңеске қарау үшін жібереді.

Педагогтің өтініші негізінде білім беру ұйымында біліктілік бағалаудан кейін **педагогтер үшін қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау жүргізіледі. Бұл кезеңде педагогтердің портфолиосы бағаланады. Аттестаттау комиссиясы педагогтердің портфолиосын Сараптама кеңесінің қарауына жібереді.**

Сараптама кеңесі педагогтер мен білім алушылардың жетістіктерін, сабақтарды бақылау парақтарын ескере отырып, **педагогтердің портфолиосын Қағиданың 15 - қосымшасына сәйкес бағалау өлшемшарттарының талаптарына сәйкес біліктілік санаттарын беруге (растауға) қарайды және бағалайды.**

Педагогтердің материалдарын (портфолионы) бағалау парағы

№	Критерийлер	Біліктілік санаты				Комиссия балдары
		Педагог-модератор	Педагог-сарапшы	Педагог-зерттеуші	Педагог-шебер	
1	Білім беру сапасын қамтамасыз ету					
1.1	Білім сапасы (<i>динамика</i>)/ Білім беру бағдарламасын меңгеру динамикасы (<i>тәлімгерлерді ұйымдастырушы педагогтерді, АӘТД - ұйымдастырушы педагогтерді, педагог-психологтарды, психологтарды, әлеуметтік педагогтерді, педагог-ассистенттер ді қоспағанда</i>)	дәлелдемелердің болуы: нәтижелерді талдау бойынша қорытындылары бар сапа мониторингі, салыстырмалы кестелер/диагностикалық құралдарға сәйкес (<i>білім беру ұйымының мөрімен және басшының қолымен расталады</i>)				
		тұрақсыз динамика 3 жыл бойы	3 жыл бойы бір деңгейде	1–2% өсу	3 және одан да көп % өсу	
	Түзету компонентін іске асыру қорытындылары бойынша мүмкіндігі шектеулі балаларда дағдылардың қалыптасу динамикасы (<i>ПМПК қоспағанда</i>)	40 %	50 %	60 %	70 %	
	балл	1	2	3	4	
1.2	Оқыту сапасы (<i>ұйымдастыру, өткізу</i>)	сабақты (сабақты, ұйымдастырылған қызметті, іс-шараны, тексеру және кеңес беру іс-әрекеті) бағалау парақтарының болуы (білім беру ұйымы басшысы, басшы орынбасары, әдіскер, педагог; әдістемелік кабинет (орталық) әдіскері бағалаған); тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиясының (сараптама кеңесінің) мүшесі - соңғы оқу жылында (<i>кемінде бір рет</i>) (<i>бақылау парағы білім беру ұйымының мөрімен және басшының қолымен куәландырылады</i>)				
	Бақылаулар саны (жыл сайын)	5	5	5	5	

	балл	61	71	81	91 (102)		
2	Жетістіктер	дәлелдемелердің болуы: сертификаттың, грамотаның, алғыс хаттың көшірмелері (білім беру ұйымының мөрімен және басшының қолымен куәландырылады)					
2.1	Білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген білім беруді басқару органының (тиісті деңгейдегі) немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саладағы уәкілетті органның жоспарына сәйкес конкурстарға немесе олимпиадаларға немесе жарыстарға қатысу <i>Ескерту¹: тәлімгерлер ұйымдастырушы педагогтер, АӘТД -ұйымдастырушы педагогтер, педагог-психологтар, психологтар, әлеуметтік педагогтер, мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істейтін педагогтер үшін, білім беру ұйымдарының бөлім меңгерушілері, білім беру ұйымдарының әдіскерлері үшін - бар болса</i> <i>Ескерту²: егер жеңімпаз/жүлдегер болса, санына қарамастан 1 ұпай қосылады</i>	Білім беру ұйымы	аудан/қала	облыс (республикалық маңызы бар қала және астана)	республикалық (халықаралық)		
	балл	1	2	3	4 (5)		
2.2	Уәкілетті орган бекіткен тізбеге немесе білім беруді басқару органының (тиісті деңгейдегі) немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саладағы уәкілетті органның жоспарына сәйкес кәсіптік конкурстарға немесе олимпиадаларға немесе жарыстарға қатысу <i>Ескерту¹: немесе қолданыстағы сертификаты бар біліктілікті арттыру курстарының жаттықтырушысы болып табылады – «педагог-зерттеуші», «педагог-шебер» біліктілік санаттары үшін.</i> <i>Ескерту²: егер жеңімпаз/жүлдегер болса, санына қарамастан 1 ұпай қосылады</i>	білім беру ұйымы	аудан/қала	облыс (республикалық маңызы бар қала және астана)	республикалық (халықаралық)		
	балл	1	2	3	4 (5)		
3	Тәжірибені жинақтау және тарату						
3.1	Авторлық материалдар негізінде тәжірибені тарату ұсынылған	дәлелдемелердің болуы: бұйрықтан үзінді (бұйрықтың көшірмесі) (білім беруді басқару органының, білім беру саласындағы уәкілетті органның, тиісті саланың уәкілетті					

		<i>органының білім беру ұйымдары үшін республикалық оқу-әдістемелік бірлестігінің мөрімен және басшының қолымен куәландырылады)</i> іс-шара материалдарына сілтеме			
	Облыстың білім басқармасы жанындағы оқу-әдістемелік кеңес, тиісті саланың уәкілетті органының білім беру ұйымдары үшін республикалық оқу-әдістемелік бірлестігімен			облыс (республикалық маңызы бар қала және астана) <i>(кем дегенде 3 аудан (қаланы) қамту)</i>	
	республикалық оқу-әдістемелік кеңесімен				республикалық <i>(кем дегенде 3 облысты) қамту)</i>
	Балл	-	-	6 <i>(1 үшін 2 ұпай)</i>	9 <i>(1 үшін 3 ұпай)</i>
3.2	Семинарларда, конференцияларда, форумдарда, тренингтерде, шеберлік сыныптарында, біліктілікті арттыру курстарында сөз сөйлеу және т. б.	дәлелдемелердің болуы: бұйрықтан үзінді (бұйрықтың көшірмесі), бағдарлама (бағдарламаның көшірмесі) <i>(тиісті саланың уәкілетті органының білім беру ұйымдары үшін республикалық оқу-әдістемелік бірлестігі білім беру ұйымының, білім беруді басқару органының, білім беру саласындағы уәкілетті органының мөрімен және басшының қолымен куәландырылады)</i> іс-шара материалдарына сілтеме			
		Білім беру ұйымы	аудан/қала	облыс (республикалық маңызы бар қала және астана)	республикалық (халықаралық)
	Балл	1	2	3	4 (5)
3.3	Зерттеу қызметі (тәжірибені зерттеу) негізінде баспасөздегі жарияланым <i>Ескертпе: бірлескен авторлық жағдайда көрсеткіш бойынша 2 балл қойылады</i>	дәлелдемелердің болуы: басылымның көшірмесі (басылымға сілтеме)			
				Балаларды ерте дамыту институтынд, ҚР ОАМ РҚББӨӨО, Ыбырай Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының басылымында	ҚР ОАМ РҚББӨӨО, ЖБССҚЕК ұсынған басылымда
	Балл	-	-	5	6
3.4	Шығармашылық (сараптамалық жұмыс) топтарға, жобаларға қатысу	дәлелдемелердің болуы: бұйрықтан үзінді (бұйрықтың көшірмесі) <i>(білім беру ұйымының, білім беруді басқару органының мөрімен және басшының қолымен куәландырылады)</i>			
		Балл	1	2	3
3.5	Ұсынылған оқу-әдістемелік материалдар	дәлелдемелердің болуы: оқу-әдістемелік кеңестің хаттамасынан үзінді			

		білім беру ұйымының әдістемелік кеңесімен	ауданның / қаланың білім бөлімінің оқу-әдістемелік кеңесімен	білім басқармасының жанындағы оқу-әдістемелік кеңесімен	білім басқармасы жанындағы оқу-әдістемелік кеңесімен, тиісті саланың уәкілетті органының білім беру ұйымдары үшін республикалық оқу-әдістемелік бірлестігімен	
	Балл	1	2	3	4	
4	Біліктілікті арттыру					
4.1	Білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген білім беру бағдарламалары бойынша біліктілікті арттыру курстары <i>(жалпы сағат саны)</i>	дәлелдемелердің болуы: сертификаттың көшірмесі <i>(білім беру ұйымының мөрімен және басшының қолымен куәландырылады)</i>				
		72	72	80	108 және одан жоғары	
	Мектепке дейінгі, қосымша және арнайы білім беру ұйымдары үшін, әдістемелік кабинеттің (орталықтың) әдіскерлері үшін <i>(жалпы сағат саны)</i>	36	36	72	80 және одан да жоғары	
	Балл	1	1	3	4	
	барлығы	68	84	113	134 (148)	
4.2	<i>тәлімгерлер ұйымдастырушы педагогтер, АӘТД - ұйымдастырушы педагогтер, педагог-психологтар, психологтар, әлеуметтік педагогтер, мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істейтін педагогтер, білім беру ұйымдарының бөлім меңгерушілері, білім беру ұйымдарының әдіскерлері-бар болса</i>	67	82	110	130 (144)	
4.3	<i>ПМПК педагогтері үшін</i>	66	80	107	126	
	Ұсыныстар: Мәлімделген біліктілік санатына сәйкес келеді (сәйкес келмейді) Біліктілік санатына сәйкес келеді					

«_____» _____ 20____ ж

Қолы

Эксперттің (комиссия мүшесінің) толық аты-жөні

«педагог» біліктілік санатына:

- тиісті бейіні бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар немесе қайта даярлау туралы құжаты бар, бейіні бойынша кемінде бір жыл педагогикалық өтілі бар тұлғалар;

ПББ өткен «педагог-тағылымдамашы», оның ішінде:

- педагогикалық лауазымдағы жұмысын қайта бастаған (тиісті бейіні бойынша жалпы педагогикалық өтілі кемінде 1 жыл болған кезде педагогикалық лауазымды қайта бастау мерзімі 5 (бес) жылдан аспайды) және біліктілік санаты жоқ;
- білім беру ұйымдарына білім беру саласындағы уәкілетті органнан, білім беруді басқару органдарынан, әдістемелік кабинеттерден, біліктілікті арттыру институттарынан, жоғары оқу орындарынан ауысқан;
- Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде мамандығы бойынша оқуда (тағылымдамада) болған;
- тиісті бейіні бойынша педагогикалық қызметті жүзеге асырған және Қазақстан Республикасына жақын және алыс шет елдерден келген;
- 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қоса алғанда тиісті бейіні бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі немесе қайта даярлау туралы құжаты бар білім беру ұйымдарына педагог лауазымына қабылданған біліктілік санаты жоқ тұлғалар;
- қосымша білім беру жүйесінде 5 (бес) және одан да көп жыл кәсіби өтілі бар;
- оқу пәнінің мазмұнын, білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) жеке дамуына арналған педагогика мен психологияның заманауи тәсілдерін біледі;
- жоспарлауды жүзеге асырады, әртүрлі әдістерді, оқыту стратегияларын және бағалау құралдарын меңгереді;
- танымдық (білім беру) үдерісінің қағидаттарын ескере отырып, сабақ (оқу, қызмет, іс-шаралар) өткізеді және күтілетін нәтижелерге қол жеткізеді, білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) қажеттіліктерін ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асырады;
- білім беру ұйымы деңгейіндегі іс-шараларға қатысады;
- ата-аналарды (заңды өкілдерді) оқыту (тәрбиелеу) нәтижелері туралы хабардар етеді, әріптестерімен (тәрбиеленуші) білім алушылардың үлгерімін (дамуын) талқылайды;
- оқыту тәжірибесін жетілдірудегі өз қажеттіліктерін айқындайды, әріптестерімен өзара іс-қимыл жасайды;
- қауіпсіз және қолайлы білім беру (дамыту) ортасының нормаларын, этикалық нормаларды сақтайды.

«педагог-модератор» біліктілік санатына:

тиісті бейіні бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар адамдар, сонымен қатар біліктілігіне сәйкес педагогикалық қайта даярлау туралы құжаты бар, **кемінде екі жыл педагогикалық өтілі бар,** мынадай кәсіптік құзыреттіліктері бар тұлғалар:

- білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, сабақты (оқу, қызмет, іс-шара) жоспарлайды және өткізеді, күтілетін нәтижелерге қол жеткізу үшін бағалаудың қажетті әдістемелері мен құралдарын анықтайды;
- қауіпсіз және қолайлы білім беру (дамыту) ортасын қолдайды, өз жұмысында этикалық нормаларды қолданады;
- білім алушылармен (тәрбиеленушілермен және ата-аналармен (занды өкілдермен) оқыту (оқу, тәрбиелеу) нәтижелерін және жақсарту жолдарын талқылайды;
- білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескеретін әріптестердің өзекті нәтижелері мен өз тәжірибесін талдайды;
- білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге немесе аудандық (қалалық) деңгейдегі білім беруді басқару органының немесе тиісті саланың уәкілетті органының білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген жоспарына сәйкес білім беру ұйымы деңгейінде олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға қатысушылары бар болады;
- білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге немесе аудандық (қалалық) деңгейдегі білім беруді басқару органының немесе тиісті саланың уәкілетті органының білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген жоспарына сәйкес білім беру ұйымы деңгейінде олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың қатысушысы болып табылады.

«педагог-сарапшы» біліктілік санатына:

«педагог-модератор» біліктілік санатының жалпы талаптарына сәйкес келеді
тиісті бейіні бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар адамдар, сонымен қатар біліктілігіне сәйкес педагогикалық қайта даярлау туралы құжаты, кемінде үш жыл педагогикалық өтілі бар, мынадай кәсіптік құзыреттері бар тұлғалар
қауіпсіз және қолайлы білім беру (дамыту) ортасын қамтамасыз етеді, өз жұмысында жоғары этикалық нормаларды басшылыққа алады
білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) қабілеттерінің дамуы мен ілгерілеуін бағалайды және қадағалайды
білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін дамыту бойынша өз тәжірибесінің нәтижелерін және әріптестердің өзекті зерттеулерін бағалайды
аудан/қала (облыстық маңызы бар қала) деңгейінде жұмыстың әртүрлі нысандраы арқылы әріптестеріне әдістемелік қолдау көрсетеді
білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге немесе аудандық (қалалық), облыстық (облыстық маңызы бар қала, астана) деңгейдегі білім беруді басқару органының немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саланың уәкілетті органының жоспарына сәйкес аудан/қала (облыстық маңызы бар қала) деңгейіндегі конкурстарға, жарыстарға қатысушылары бар болады
білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге немесе аудандық (қалалық), облыстық (облыстық маңызы бар қала, астана) деңгейдегі білім беруді басқару органының немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саланың уәкілетті органының жоспарына сәйкес аудан, облыс, республикалық маңызы бар қалалар, республика деңгейінде (республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдар мен салалық мемлекеттік органдардың білім беру ұйымдары үшін) кәсіптік шеберлік конкурстарына қатысушы болып табылады

«педагог- зерттеуші» біліктілік санатына:

«ПЕДАГОГ- ЗЕРТТЕУШІ»

«Педагог-сарапшы» біліктілік санатының жалпы талаптарына сәйкес келеді

тиісті бейініне сәйкес жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі, кемінде бес жыл педагогикалық өтілі бар, мынадай кәсіптік құзыреттері бар тұлғалар

авторлық технологиялар мен бағалау стратегиялары негізінде оқытудың (оқудың, тәрбиелеудің) кіріктірілген үдерісін жүзеге асырады

қауіпсіз және қолайлы білім беру (дамыту) ортасын басқарады, әріптестеріне этикалық нормаларды түсінуде қолдау көрсетеді

педагогикалық қоғамдастық үшін білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) даму мониторингінің нәтижелерін пайдалану бойынша ұсыныстар әзірлейді

әріптестерімен бірге сабақты (оқуды, қызметті, іс-шараны) зерттейді және білім беру ұйымдарында оқыту (тәрбиелеу) тәжірибесін жақсарту үшін зерттеу нәтижелерін таратады

облыс деңгейінде (кемінде 3 (үш) ауданды/ қаланы қамти отырып); республикалық маңызы бар қалалар мен Астанада, республикада (республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдар мен салалық мемлекеттік органдардың білім беру ұйымдары үшін) тәжірибені таратады

тәлімгерлікті жүзеге асырады

білім басқармасы жанындағы оқу-әдістемелік кеңес ұсынған оқу-әдістемелік кешендерді, бағдарламаларды әзірлейді және енгізеді

білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге және облыстық деңгейдегі білім беру органының (республикалық маңызы бар қалалардың және астананың) немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саланың уәкілетті органының жоспарына сәйкес облыс, республикалық маңызы бар қалалар, республика деңгейінде (республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдар және салалық мемлекеттік органдардың білім беру ұйымдары үшін) кәсіптік шеберлік конкурстарына қатысушы немесе педагогтердің біліктілігін арттыру бойынша жаттықтырушы (қолданыстағы сертификаты бар) болып табылады

білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге немесе облыстық деңгейдегі білім беру органының (республикалық маңызы бар қалалардың және астананың) немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саладағы уәкілетті органның жоспарына сәйкес облыс, республикалық маңызы бар қалалар мен астана, республика (республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдар мен салалық мемлекеттік органдардың білім беру ұйымдары үшін) деңгейінде олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға қатысушылары бар

«педагог-шебер» біліктілік санатына:

«ПЕДАГОГ-ШЕБЕР»

«педагог-зерттеуші» біліктілік санатының жалпы талаптарына сәйкес келеді

тиісті бейіні бойынша жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білімі, кемінде алты жыл педагогикалық өтілі бар, мынадай кәсіби құзыреттіліктері бар тұлғалар

тәжірибені зерттеу нәтижелерін ескере отырып, оқытудың (оқудың, тәрбиелеудің) кіріктірілген үдерісін жоспарлайды және жүзеге асырады

қауіпсіз және қолайлы білім беру (дамыту) ортасын құру бойынша тиімді тәжірибені таратады, этикалық нормаларды сақтаудың үлгісі болып табылады

педагогикалық қоғамдастықта білім алушыларды (тәрбиеленушілерді) дамыту бойынша ынтымақтастықтың тиімді тәжірибесін таратады

білім беру ұйымдарындағы зерттеулерді үйлестіреді, нәтижелерді педагогикалық қоғамдастыққа таратады, әріптестерінің кәсіби дамуына қолдау көрсетеді

білім беру саласындағы уәкілетті орган жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған оқу-әдістемелік кешендерді немесе бағдарламаларды немесе әдістемелік материалдарды әзірлейді және тәжірибеге енгізеді немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңесі ұсынған оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдар тізіміне енгізілген жарияланған оқулықтардың, оқу-әдістемелік құралдардың авторы (бірлескен авторы) болып табылады

білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саладағы уәкілетті органның жоспарына сәйкес республикалық немесе халықаралық деңгейдегі кәсіптік шеберлік конкурстарына қатысушы немесе педагогтердің біліктілігін арттыру бойынша жаттықтырушы (қолданыстағы сертификаты бар) болып табылады

білім беру саласындағы уәкілетті орган немесе республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдар немесе тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес республика деңгейінде немесе халықаралық деңгейде олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға, чемпионаттарға қатысушылары болады

республика деңгейінде тәжірибе таратады, тиісті уәкілетті органның ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары педагогтеріне арналған семинарларды, конференцияларды ұйымдастыру мен өткізуге қатысады;

республикалық деңгейдегі ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының республика деңгейінде ұйымдастырған педагогтері үшін (кемінде 3 облысты қамти отырып) тәжірибені таратады

ПЕДАГОГТЕРГЕ БІЛІКТІЛІК САНАТТАРЫН МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН БЕРУ ТӘРТІБІ


Қызметтің тиісті нәтижелері болған кезде кезекті аттестаттаудан кейін кемінде **2 (екі) жыл** өткен соң біліктілік санатын мерзімінен бұрын беруге жол беріледі.

Комиссия «**мәлімделген біліктілік санатына сәйкес келмейді**» деген шешім қабылдаған кезде **мерзімінен бұрын аттестаттау кезінде** қолданыстағы біліктілік санаты қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін сақталады.


«Педагог-сарапшы» біліктілік санатын мерзімінен бұрын алуға қойылатын талаптар көрсетілген. Бұл талаптардың кемінде **4-не сәйкес** келетін педагогтер қатыса алады.

«ПЕДАГОГ-САРАПШЫ»	білім беру саласындағы уәкілетті орган немесе облыстық деңгейдегі білім беруді басқару органы немесе тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес облыстық, республикалық деңгейлердегі кәсіптік шеберлік конкурстарының жүлдегері немесе жеңімпазы болып табылады;
	білім беру саласындағы уәкілетті орган немесе облыстық деңгейдегі білім беруді басқару органы немесе тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес облыстық, республикалық деңгейдегі олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың, чемпионаттардың жеңімпазын немесе жүлдегерін дайындаған педагогтер;
	аудандық/қалалық деңгейдегі «Үздік педагог» атағына ие болған адамдар;
	облыс, республикалық маңызы бар қалалар, республика деңгейінде тәжірибені жинақтайды (ведомстволық бағынысты ұйымдар мен салалық мемлекеттік органдардың білім беру ұйымдары үшін);
	облыс, республикалық маңызы бар қалалар, республика деңгейінде (ведомстволық бағынысты ұйымдар мен салалық мемлекеттік органдардың білім беру ұйымдары үшін) педагогтер үшін іс-шаралар өткізуге қатысады;
	C1 (CEFR) деңгейінде ағылшын тілін меңгерген және пәндерді ағылшын тілінде оқытатын адамдар;
	бейіндік пән бойынша халықаралық дәрежедегі кандидат немесе спорт шебері болып табылатын адамдар;
	бейіні бойынша жоғары біліктілік разряды бар өндірістік оқыту шеберлері.

«Педагог-зерттеуші» біліктілік санатын мерзімінен бұрын алуға қойылатын талаптар көрсетілген. Бұл талаптардың кемінде 5-не сәйкес келетін педагогтер қатыса алады.



«Педагог-шебер» біліктілік санатын мерзімінен бұрын алуға қойылатын талаптар көрсетілген. Бұл талаптардың кемінде **6-на сәйкес келетін педагогтер** қатыса алады.



Сараптамалық кеңес тиісті деңгейдегі **Комиссияға** Қағиданың **17-қосымшасына** сәйкес нысан бойынша (**ағымдағы күнтізбелік жылдың**

1 шілдесіне дейін) біліктілік санаттарын беруге (растауға) педагогтердің портфолиосын **бағалау парақтарын** және қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау қорытындылары бойынша **ұсынымдарды жібереді.**

Комиссия тиісті жылдың **қаңтары мен тамыз** аралығындағы кезеңі қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтауды жүргізеді.

Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) туралы соңғы шешімді аттестаттау комиссиясы қабылдайды.

Әрбір педагог бойынша Сараптама кеңесінің берген ұсынымдары бойынша **аттестаттау комиссиясы педагогтердің портфолиосын қарайды және мынадай шешімдердің бірін шығарады:**

- 1) өтініш берілген біліктілік санатына сәйкес келеді;
- 2) қолданыстағы біліктілік санатына сәйкес келеді;
- 3) қолданыстағы біліктілік санатынан төмен біліктілік санатына сәйкес келеді.

Қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау материалдары мәлімделген біліктілік санатына сәйкес келген, бірақ **ПББ** өтудің **шекте деңгейіне жетпеген жағдайда** педагогке:

- біліктілік санатын **растаған жағдайда бір деңгейге төмен;**
- біліктілік санатын **беру жағдайында ПББ нәтижелерінен жоғары емес** біліктілік санаты беріледі.

Комиссия мүшелері Қағиданың 15-қосымшаға сәйкес педагогтердің материалдарын (портфолиосын) бағалау парақтарын толтырады. Орта (арнайы), қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымы педагогінің сабағын (сабағын, ұйымдастырылған қызметін, іс-шарасын) бағалау парағы Қағиданың 16-қосымшаға сәйкес байқау парағы бойынша толтырылады.

Педагогтің материалдарын (портфолиосын) қарау кезінде **аудио немесе бейнежазба жүргізіледі**, ол аттестаттаушы органда кемінде **бір жыл сақталады.**

Комиссия шешімі Қағиданың **6-қосымшасына** сәйкес хаттамамен рәсімделеді. Қағиданың **7-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша хаттамадан **үзінді** көшірме педагогтің **электрондық поштасына жіберіледі.** Аттестаттаудан **өткен педагогтердің тізімі** аттестаттаушы органның **интернет-ресурсында** жарияланады.

«Өтініш берілген біліктілік санатына аттестаттаудан өтпеген» деген шешім қабылдаған кезде Комиссия үш жұмыс күні ішінде Комиссияның барлық мүшелері қол қойған шешімнің негіздемесімен бірге аттестатталған адамның электрондық поштасына немесе педагогтің цифрлық профиліне жазбаша хабарлама жібереді.

Аттестаттаудан өткен педагогтердің тізімі аттестаттауды өткізген мемлекеттік органның немесе білім беру ұйымының Интернет-ресурсында немесе ақпараттық жүйеде жарияланады.

Біліктілік санаты педагогтердің өтініші негізінде 2 жылдан аспайтын мерзімге келесі жағдайларда білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен ұзартылады:

Педагогтер біліктілік санатының қолданылу мерзімін ұзарту туралы

1	2	3	4	5
<ul style="list-style-type: none"> денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен әлеуметтік мәні бар аурулар мен айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулар тізбесіне енгізілген аурулар бар болған жағдайда еңбекке уақытша жарамсыздық кезінде 	<ul style="list-style-type: none"> жүктілігі және босануы, бала күтімі жөніндегі демалыстан шыққаннан кейін, оның ішінде жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған қызметкерлер үшін ол үш жасқа толғанға дейін 	<ul style="list-style-type: none"> білім беру саласындағы уәкілетті органнан, білім беруді басқару органдарынан, әдістемелік кабинеттерден (орталықтардан), педагогтердің біліктілігін арттыру ұйымдарынан, біліктілікті арттыру институттарынан білім беру ұйымдарына ауысқан тұлғаларға 	<ul style="list-style-type: none"> педагогикалық қызметті жүзеге асырған және Қазақстан Республикасына жақын және алыс шет елдерден келген тұлғаларға беріледі 	<ul style="list-style-type: none"> егер педагогтің біліктілік санатының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін бір жыл қалса, ал педагог Қазақстан Республикасының ішінде басқа білім беру ұйымына ауысса

мәселені шешу үшін аттестатау комиссиясына мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) біліктілік санаттарының қолданылу мерзімін ұзарту туралы өтініш (еркін нысан);
- 2) біліктілік санатының қолданылу мерзімін ұзартудың негізділігін растайтын құжат.

Педагогтер **2 жыл ішінде** біліктілік талаптарына сәйкес келетін санатқа **ПББ тапсырады**. Бұл ретте педагогтің осы кезеңде қолда бар біліктілік санаты сақталады.

Жасы зейнеткерлікке төрт жылдан аз қалған педагогтер аттестаттау рәсімінен босатылады. Тағайындалған біліктілік санаты оның берген өтініші негізінде зейнеткерлік жасқа толғанға дейін сақталады.

Зейнеткерлікке шыққаннан кейін педагогикалық қызметті жүзеге асыруды жалғастыратын зейнеткерлік жастағы педагогтер аттестаттау рәсімінен жалпы негіздерде өтеді.

Бір білім беру ұйымынан басқа білім беру ұйымына немесе әдістемелік сүйемелдеуді жүзеге асыратын ұйымға ауысқан кезде немесе педагогикалық қызметті қоса атқару немесе қосымша атқару шарттарында жүзеге асырған кезде немесе педагогтің қызмет бейініне сәйкес білім беру ұйымында педагогті басқа лауазымға тағайындаған кезде **қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін қолданыстағы біліктілік санаты сақталады.**

КОМИССИЯ ӨТІНІШ НЕГІЗІНДЕ ЛАУАЗЫМҒА ТАҒАЙЫНДАУ КЕЗІНДЕ АТТЕСТАТТАУ РӘСІМІНЕН ӨТПЕЙ:

Президенттің кадр резервіне кірген тұлғаларға, жоғары оқу орнын аяқтағаннан кейін бес жылдан кеш емес кезеңде **Nazarbayev University**, «Болашақ» бағдарламасы бойынша оқуға ұсынылған шетелдік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының түлектеріне, қолданыстағы **CELTA** сертификаты бар шет тілі мұғалімдеріне «педагог-модератор» біліктілік санатын береді.

Қолданыстағы **DELTA** сертификаты бар шет тілі мұғалімдеріне «педагог-сарапшы» біліктілік санатын береді.

Кейінгі аттестаттау осы Қағидаларға сәйкес жалпы негіздерде жүргізіледі.

Аттестаттаушы органның комиссиясы шетел (ағылшын, неміс, француз) тілі мұғаліміне өтініш пен тілді меңгеру деңгейі бойынша сертификат негізінде, **ПББ рәсімінен өтпей, қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау қорытындысы бойынша** біліктілік санатын береді:

1) «педагог-модератор»:

Ағылшын тілі	<ul style="list-style-type: none">• IELTS – 6,5 балл• TOEFL (iBT) - 79-84 балл
Француз тілі	<ul style="list-style-type: none">• DELF– B2
Неміс тілі:	<ul style="list-style-type: none">• Goethe Zertifikat - B2

2) «педагог-сарапшы»:

Ағылшын тілі	<ul style="list-style-type: none">• IELTS) – 6,5 балл• TOEFL (iBT) - 85-93 балл
Француз тілі	<ul style="list-style-type: none">• DELF– B2
Неміс тілі:	<ul style="list-style-type: none">• Goethe Zertifikat - B2

3) «педагог-зерттеуші»:

Ағылшын тілі	IELTS) – 7 балл немесе TOEFL (iBT) - 94-101 балл; TKT Modules 1-3 (3 модульдің бірі) Band3-4/4 (4 балл бойынша нәтиже 3-4 немесе TKT CLIL немесе TKT YL
Неміс тілі:	<ul style="list-style-type: none">• Goethe Zertifikat - C1
Француз тілі	<ul style="list-style-type: none">• DELF– C1

4) **«Педагог-шебер»:**

Ағылшын тілі	-IELTS – 7,5 балл немесе TOEFL (iBT) - 102-109 балл -TKT Modules 1-3 (3 модульдің бірі) Band3-4/4 (балл бойынша нәтиже 3-4 балл) немесе TKT CLIL немесе TKT YL
Неміс тілі:	• Goethe Zertifikat - C1
Француз тілі	• DELF– C1

Шетел (қытай, түрік, араб және т.б.) тілдерін оқытатын мұғалімдерге жеке өтініш пен **бірінші тіл ретінде сөйлейтін** елдерде **ресми танылған** қолданыстағы **сертификат негізінде**, ПББ рәсімінен өтпей-ақ **қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау нәтижесі бойынша** Комиссия:


B2 деңгейі - «педагог-модератор»;

C1 немесе C2 деңгейі - «педагог-сарапшы» біліктілік санатын береді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 13 маусымдағы № 390

«Мұғалімдер тапшылығы бар өңірлерге үздік педагогтерді тиісті қолдау шараларының пакетімен тарту қағидаларын бекіту туралы (Арнаулы бағдарлама)» қаулысымен бекітілген **арнайы бағдарлама бойынша жұмысқа қабылданған педагогтерге жеке өтініш негізінде аттестаттау рәсімінен өтпей-ақ біліктілік санаты беріледі.**

Келесі талаптарға сәйкес келген жағдайда:



Алынған біліктілік санаты Арнайы бағдарлама бойынша жұмыс істеу кезеңіне сақталады. Басқа жұмысқа ауысқан кезде алдыңғы біліктілік санаты беріледі.

Білім беру саласындағы өзгерістердің **көшбасшыларын іріктеу және даярлау бағдарламасы бойынша** оқуды аяқтаған және **кадр резервіне енгізілген педагогтерге** лауазымға тағайындалған кезде аттестаттау рәсімінен өтпей **«бірінші санатты басшы» біліктілік санаты беріледі.**

Кейінгі аттестаттау осы Қағидаларға сәйкес жүргізіледі.

Комиссия хаттамасының негізінде аттестаттаушы орган біліктілік санатын беру (растау) туралы бұйрық шығарады және **білім беру ұйымы**

осы Қағидаларға **5-қосымшаға сәйкес** нысан бойынша біліктілік санатын беру (растау) туралы куәлік беріп, тіреку журналына тіркейді.



30 (отыз) және одан да көп жыл педагогикалық өтілі бар барлық лауазымдардағы педагогтердің қызметінің нәтижелерін кешенді қорытындылау кезінде біліктілік санатын растауда ПББ-дан өту талап етілмейді.

Педагогтер үшін маңызды!

Қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау материалдары мәлімделген біліктілік санатына сәйкес келген, бірақ **ПББ** өтудің **шекті деңгейіне жетпеген жағдайда педагогке:**

біліктілік санатын **растаған жағдайда бір деңгейге төмен;**

біліктілік санатын **беру жағдайында ПББ нәтижелерінен жоғары емес** біліктілік санаты беріледі.

Біліктілік санатын беру (растау) біліктілік сипаттамаларына және кәсіптік стандартқа сәйкес **біліктілік санатынан өту мерзімдері мен бірізділік принциптерін сақтай отырып жүзеге асырылады.**

«Екінші санат», «бірінші санат», «жоғары санат» біліктілік санаттары бар педагогтер өтініш негізінде осы Қағидаға сәйкес **тиісінше** немесе жалпы негіздерде «педагог-модератор», «педагог-сарапшы», «педагог-зерттеуші» біліктілік санатын беру үшін біліктілік бағалауынан, ПББ-дан, қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтаудан өтеді.

Мәлімделген **біліктілік санаттарына өтпеген педагогтерге санат ПББ нәтижелері негізінде беріледі.** «Педагог-модератор» біліктілік санатын беру үшін ПББ ұпайлары жеткіліксіз болған жағдайда, педагогке «педагог» санаты беріледі.

Эссе жазу тәртібі

Материалдарға (**портфолиоға**) педагогтің **эссесі қосылады.** Эсседегі сөздердің саны 250-300 (екі жүз елу – үш жүз) **сөзден** құралу керек. Эссе тақырыптарын жыл сайын білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

Эссені педагогтер еркін түрде жазып материалдарына (**портфолиосына**) салады.

«БЕКІТЕМІН»



Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту бірінші вице-министрі
Н.В. Жумадильдаева

_____ 2024 ж.

**Педагогтің қызмет нәтижесін кешенді талдамалық жинақтаудағы
эссе тақырыптары**

№	ЭССЕ ТАҚЫРЫПТАРЫ
Орта білім беру педагогтері үшін	
1.	Заманауи мұғалімнің келбеті
2.	Ұстаз – ұлылықтың, адалдықтың символы
3.	Мұғалім мамандық па әлде өмірлік ұстаным ба?
4.	XXI ғасыр мұғалімінің кәсіби құзыреттілігі
5.	Мұғалім – әлемдегі ең үздік мамандық
6.	Менің әдістемелік идеям - болашақ авторлық бағдарламаның негізі
7.	Қазақстандық патриотизм – елдің тұрақты дамуының және гүлденуінің негізі
8.	Шәкірт тәрбиелеуге менің қосқан үлесім
9.	Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ
10.	Қазіргі әлемдегі білім беруді дамытудың негізгі тенденциялары
11.	Қашықтан оқыту-артықшылықтары мен кемшіліктері
12.	Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту
13.	Балаларды табысты оқытудағы ата-аналардың рөлі
14.	Оқушылардың қарым-қатынас дағдыларын дамыту
15.	Цифрлық кеңістіктегі заманауи педагог: жаңа мүмкіндіктер
16.	Оқу процесінде уақытты қалай тиімді пайдалануға болады?
17.	Педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамытуға әсер ететін факторлар
18.	Буллинг және онымен күресу жолдары
19.	Өзін-өзі басқару оқушылардың белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастырудың шарты ретінде
20.	Педагогтің кәсіби дамуындағы әдістемелік бірлестіктердің рөлі
21.	Сыныпты тиімді басқару және қолайлы білім беру ортасын құру
22.	Оқушыларды оқуға қалай ынталандыру қажет?
23.	XXI ғасырдағы оқытудың мәселелері мен артықшылықтары
24.	Бейне ойындар білім беру процесінде пайдалы болуы мүмкін бе?
25.	Жасанды интеллект мұғалімді алмастыра ала ма?
26.	Әлемде баланы тәрбиелеуден асқан игі іс жоқ...
27.	Менің өмірлік мақсаттарым
28.	Менің кәсіби жетістіктерім-менің мақтанышым
29.	Планшеттер мен компьютерлерді пайдалану оқу процесіне оң әсер ете ме?

30.	Қоғамның жалпы дамуында білім қандай рөл атқарады?
31.	Тәрбие жұмысындағы сынып жетекшісінің ролі
32.	Ауыл мектебіндегі мұғалімнің миссиясы
33.	Ауылдық мектепте сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру
34.	Ауылдық жерлерде педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту
35.	Ауылдық шағын жинақты мектепті дамыту ерекшеліктері
36.	Ауыл мектебінде оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту
37.	Ауылдық жерлердегі инклюзивті білім: мәселелері мен болашағы
38.	Мұғалімнің кәсіби өсуіндегі тәлімгерліктің ролі
39.	Жас педагогтерді қолдау үшін тәлімгерліктің тиімді стратегиялары
40.	Тәлімгерлік мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамыту құралы ретінде
41.	Мұғалімнің кәсіби қызметіндегі этикалық принциптер
42.	Педагогикалық мәдениет – бұл адам әлемі
43.	Академиялық адал болу маңызды ма?
44.	Оқу процесіндегі қарым-қатынас этикасы: сыйластық, толеранттылық және эмпатия принциптері
45.	Білім беру сапасын арттырудың инновациялық тәсілдері
46.	Білім беру сапасын арттырудағы мұғалімнің ролі
47.	Педагогтар үшін кәсіби өзін-өзі көрсетудің және дамытудың тиімді стратегиялары
48.	Білім берудегі жасанды интеллекттің ролі
49.	Педагогтердің цифрлық құзыреттіліктерін дамыту
50.	АКТ-ны білім беруде қалай тиімді пайдалануға болады?
51.	Ерекше білім беруді қажет ететін баларға жасалатын арнайы жағдайлар
52.	Инклюзивті білім беру жағдайында психологиялық-педагогикалық қолдау ерекшеліктері
53.	Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың жетістіктерін бағалаудың тиімді жолдары
54.	Инклюзивті білім берудің идеологиясы
55.	Білім беру жүйесіндегі педагог-ассистенттің ролі
56.	Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуда педагогтің ролі
57.	Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытудың тиімді жолдары



Эссе жазу бойынша:

Эссе жазу бұл – педагогтер үшін өз ойларын нақты және тиімді жеткізуді талап етеді әрі шығармашылық қабілеттерін көрсете алуына мүмкіндік береді. Педагог эссе жазу арқылы өзінің пікірін, ойын, көзқарасын, білімі мен қызығушылығын көрсетеді. Сонымен, эссе жазу дегеніміз – белгілі бір аудиторияға, оқырмандарға қажетті деңгейде әсер ете алу мен тақырыпқа қатысты өз ойын білдіру үшін бірнеше параграфтарды жүйелі негізде қолдану арқылы бір немесе бірнеше идеяны нақты және дәлелді жазбаша түрде жеткізе білу.

Қағидаларда көрсетілген шарттар шеңберінде эссені ықтимал абзацтарға бөлудің үлгісі берілген. Автордың эссенің негізгі бөлімін 2 немесе одан да көп абзацтарға бөлуі өз ойын дәйектейтін аргументтер санына байланысты екенін айтып өту керек.

Эссенің құрылымдық мазмұны мен элементтерінің көлемі

Композициялық элементі	Көлемі	Мазмұны
Кіріспе (1 абзац)	30-50 сөз	Тақырыптың өзектілігі Автордың ұстанымы/көзқарасы Негізгі бөлімде қарастырылатын ойлар қысқаша беріледі
Негізгі бөлім 1 (2 абзац)	100-110 сөз	1. Абзацтағы негізгі тезисті беру. 2. Негізгі тезис бойынша аргумент. 3. Аргументті негіздейтін дәлел немесе мысал. 4. Дәлелді талдау немесе түсіндіру. 5. Абзацтағы ой бойынша жалпы тұжырым жасау.
Негізгі бөлім 2 (3 абзац)	100-110 сөз	1. Абзацтағы негізгі тезисті беру. 2. Негізгі тезис бойынша аргумент. 3. Аргументті негіздейтін дәлел немесе мысал. 4. Дәлелді талдау немесе түсіндіру. 5. Абзацтағы ой бойынша жалпытұжырым жасау.
Қорытынды(4 абзац)	20-30 сөз	Негізгі бөлім тезистерін жалпылапсоңғы ойды жазу. Жаңа ой жазылмайды
Нәтижесінде 250-300 сөзден тұратын ЭССЕ жазылу керек		

БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ресми сайтында «Педагогті әдістемелік сүйемелдеу» тақырыбында әзірленген әдістемелік құралдың үшінші бөлімінде педагогтерге эссе жазу бойынша әдістемелік ұсынамдар берілген: <https://uba.edu.kz/qaz>

Әдістемелік ұсынымдаманың үшінші бөлімінде педагогтерге аттестаттаудан табысты өтуге қажетті ұсынымдар мен практикалық кеңестер берілген. Бұл тарауда берілген ақпарат аттестаттауға сапалы әзірленуге көмектеседі.

Педагогтерді аттестаттау қағидалары педагогикалық қоғамның сұранысы мен білім беру жүйесінің дамуына сәйкес жетілдіріліп отырады. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 533 бұйрығы бойынша, педагогтерді мен білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы 2016 жылғы 27 қаңтарда шыққан № 83 бұйрыққа өзгерістер енгізді. Осы бұйрыққа енгізілген кейбір өзгерістер мен толықтыруларға тоқталып өтсек.

Жаңашылдық:

- Барлық педагогтер аттестацияның бірінші кезеңінде - өтініші негізінде біліктілік бағалауынан өтеді;
- Екінші кезең - педагогтің пән мен оқыту әдістемесін білуге арналған тестілеуден өтеді;
- Үшінші кезең - педагогтің портфолиосын бағалау рәсімінен өтеді.

Аттестацияның бірінші кезеңі бойынша негізгі өзгерістер:

Бірінші кезең педагогтердің біліктілігін бағалаудан басталады. Педагогтердің біліктілігін бағалауды **білім беру ұйымы жүргізеді**. Білім беру ұйымы аттестатталатын педагогтердің құжаттарын **8-қосымшаға** сәйкес Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар **тізбесінде белгіленген құжаттар тізбесіне сәйкестігін қарайды**. Мемлекеттік қызмет **электрондық үкімет веб-порталы** (бұдан әрі - портал) немесе көрсетілетін қызметті **берушінің кеңсесі** арқылы көрсетіледі және оның нәтижелері бойынша құжат портал арқылы жіберілсе 10-қосымшаға сәйкес **құжаттарды дәлелді қабылдау** немесе 11-қосымшаға сәйкес **қабылдаудан бас тарту туралы хабарлама** немесе кеңсесі арқылы жүгінген кезде 12-қосымшаға сай **қолхат беріледі**.

Egov.kz электрондықүкімет веб-порталы арқылы:	Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы:
<p>1) өтініш; 2) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі) (иесіне қайтарылады) не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін); 3) білім туралы диплом; 4) қайта даярлау курстарынан өткені туралы құжат (бар болса); 5) білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген білім беру бағдарламалары бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткені туралы сертификат; 6) қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжат; 7) ПББ өткендігі туралы сертификат; 8) берілген біліктілік санаты туралы куәлік және бұйрық (бұрын біліктілік санаты бар адамдар үшін); 9) кәсіби жетістіктерді және тәжірибені жинақтауды (таратуды) растайтын құжаттар; 10) білім алушылардың жетістіктерін растайтын құжаттар. 11) Эссе (250–300 сөз)</p>	<p>1) өтініш; 2) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі) (иесіне қайтарылады) не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін); 3) білім туралы диплом; 4) қайта даярлау курстарынан өткені туралы құжат (бар болса); 5) білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген білім беру бағдарламалары бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткені туралы сертификат; 6) қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжат; 7) ПББ өткендігі туралы сертификат; 8) берілген біліктілік санаты туралы куәлік және бұйрық (бұрын біліктілік санаты бар адамдар үшін); 9) кәсіби жетістіктерді және тәжірибені жинақтауды (таратуды) растайтын құжаттар; 10) білім алушылардың жетістіктерін растайтын құжаттар. 11) Эссе (250–300 сөз)</p>

8-қосымша. Аттестациядан өту үшін қажетті құжаттар тізбесі

Педагогтер аттестаттаудан өту үшін өтініштері мен құжаттарын келесі ұйымдар немесе ақпараттық жүйелер арқылы ұсына алады:

Egov.kz электрондық үкіметвеб-порталы

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі

Бұдан әрі педагогтердің өтініштері (құжаттар топтамасымен бірге)

Көрсетілетін қызметті беруші арқылы немесе «электрондық үкіметтің» egov.kz веб - портал арқылы Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың бөлімдері, білім беру ұйымдарына жіберіледі. Өтініштің үлгісі осы Қағиданың 9 - қосымшасында берілген. Аттестаттаудан өту үшін педагог ағымдағы оқу жылының 1 қыркүйегінен 31 желтоқсанға дейін өтініш береді.

Біліктілік санатын беру (растау) біліктілік сипаттамаларына және кәсіптік стандартқа сәйкес біліктілік санатынан өту мерзімдері мен бірізділік принциптерін сақтай отырып жүзеге асырылады.

Педагогтер қызметінің нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтауды жүргізу үшін кемінде жеті адамнан (тақ саннан) тұратын білім беру ұйымы деңгейінде ұйымдастырылатын Сараптамалық кеңестің құрамы, кемінде 10 (он) жыл жұмыс өтілі бар әдіскерлерден, педагогтерден, «педагог-сарапшы», «педагог-зерттеуші» немесе «педагог-шебер» біліктілік санаттары бар педагогтерден құралады.

Білім беру саласының уәкілетті органдарында, өңірлердегі білім беруді басқару органдарында, білім беру ұйымдарында педагогтерді аттестаттау үшін мемлекеттік органдардың бірінші басшысының бұйрығымен біліктілік санаттары үшін **аттестаттау комиссиялары** құрылады.

«Педагог-тағылымдамашы», «педагог», «педагог-модератор» біліктілік санаты үшін **білім беру ұйымы деңгейінде** құрылған аттестаттау комиссиясы педагогтердің өтініштерін қарастырады. Біліктілік

санат деңгейі бойынша құрылатын аттестаттау комиссияларының құрамына кемінде 10 (он) жыл жұмыс өтілі бар және «педагог-сарапшы» немесе «педагог-зерттеуші» немесе «педагог-шебер» біліктілік санаттары бар педагогтер, әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың), педагогтердің біліктілігін арттыру ұйымдардың әдіскерлері, қоғамдық және үкіметтік емес және кәсіподақ ұйымдарының өкілдері, білім беруді басқару органдарының, ведомстволық бағынысты ұйымдардың мамандары кіреді.

Комиссияның өкілеттігі қолданыста болған кезеңде аттестаттауға жататын педагогтер Комиссия құрамына кірмейді.

№	Аттестаттау комиссиясы құрылады	Біліктілік санаттары
1	Білім беру ұйымдары	«педагог-тағылымдамашы», «педагог», «педагог-модератор»
2	Аудандық (қалалық), облыстық маңызы бар қалалық білім беруді басқару органдары	«педагог-сарапшы»
3	Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың білім беруді басқару органында	«педагог-зерттеуші»
4	Білім беру саласындағы уәкілетті орган (ҚР Оқу-ағарту министрлігі)	«педагог-шебер»
		«педагог-модератор», «педагог-сарапшы», «педагог-зерттеуші», «педагог-шебер» (тиісті саланың уәкілетті органының бағынысты білім беру ұйымдары үшін)

Біліктілік санаттары үшін құрылатын аттестаттау комиссиялары

Аттестацияның үшінші кезеңі бойынша негізгі өзгерістер:

Педагогтің портфолиосын бағалау өлшемшарттары өзгерді. Негізгі бағалау критерийлері: Білім беру сапасын қамтамасыз ету:

- Білім сапасы (*динамика*)/Білім беру бағдарламасын меңгеру динамикасы (*тәлімгерлерді ұйымдастырушы педагогтерді, АЭТД -ұйымдастырушы педагогтерді, педагог- психологтарды, психологтарды, әлеуметтік педагогтерді, педагог-ассистенттер ді қоспағанда*);

-Түзету компонентін іске асыру қорытындылары бойынша мүмкіндігі шектеулі балаларда дағдылардың қалыптасу динамикасы (*ПМПК қоспағанда*)

- Оқыту сапасы(ұйымдастыру, өткізу); сабақты (сабақты, ұйымдастырылған қызметті, іс-шараны, тексеру және кеңес беру іс-әрекеті) бағалау парақтарының болуы (білім беру ұйымы басшысы, басшы орынбасары, әдіскер, педагог; әдістемелік кабинет (орталық) әдіскері бағалаған);

тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиясының (сараптама кеңесінің) мүшесі - соңғы оқу жылында (*кемінде бір рет*).

2) Жетістіктер:

- Білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген білім беруді басқару органының (*тиісті деңгейдегі*) немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саладағы уәкілетті органның жоспарына сәйкес конкурстарға немесе олимпиадаларға немесе жарыстарға қатысуы

- Уәкілетті орган бекіткен тізбеге немесе білім беруді басқару органының (*тиісті деңгейдегі*) немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саладағы уәкілетті органның жоспарына сәйкес кәсіптік конкурстарға немесе олимпиадаларға немесе жарыстарға қатысу.

3) Тәжірибені жинақтау және тарату:

- Авторлық материалдар негізінде тәжірибені тарату «педагог-зерттеуші» біліктілік санаты үшін облыс (республикалық маңызы бар қала және астана)(кем дегенде 3 аудан (қаланы) қамту, «педагог-шебер» біліктілік санаты үшін республикалық (*кем дегенде3 облысты*) қамту қажет;

- Семинарларда, конференцияларда, форумдарда, тренингтерде, шеберлік сыныптарында, біліктілікті арттыру курстарында сөз сөйлеу және т. Б (*барлық санаттар үшін*);

- Зерттеу қызметі (тәжірибені зерттеу) негізінде баспасөздегі жарияланым («педагог-зерттеуші» және «педагог-шебер» санаттары үшін);

- Шығармашылық (сараптамалық, жұмыс) топтарға, жобаларға қатысу;

- Ұсынылған оқу-әдістемелік материалдар (барлық санаттар үшін).

4) Біліктілікті арттыру:

- Білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген білім беру бағдарламалары бойынша біліктілікті арттыру курстары.

Авторлық бағдарламаны әзірлеу және оны бекіту бойынша сұрақтар жиі туындайтындықтан педагогтерге КЕҢЕС:



Авторлық бағдарламалар бойынша (үздік педагогикалық практикалар мен әзірлемелер немесе бағдарламалар) :

Авторлық бағдарлама – бұл педагогтің ұзақ мерзімді интеллектуалдық қызметінің нәтижесі. Педагогтің авторлық бағдарламасы белгілі бір педагогикалық проблемаларды шешуге бағытталады. Мысалы, Пән мұғалімі оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру және сыныптағы білім сапасын көтеру мақсатында қосымша факультатив немесе элективті курстың бағдарламасын әзірлейді.

Педагогтердің авторлық бағдарламасына тәуелсіз сараптама жүргізу үшін аудандық/облыстық маңызы бар қалалар, облыс және республикалық маңызы бар қалалар деңгейінде **әрбір пән бойынша немесе бағыт бойынша әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) жанынан Сараптамалық кеңес (СК) құрылады.** Авторлық бағдарламаларға сараптама жүргізу **барлық деңгейде тегін** жүргізіледі.

Бірінші кезеңде педагог белгілі бір педагогикалық мәселені шешу үшін жеке авторлық бағдарламасын әзірлейді немесе жаңартады. Авторлық бағдарламаны білім беру ұйымы деңгейінде әдістемелік кеңес отырыстарында тәжірибелі педагогтар мен әдіскерлермен бірге талқылайды және қарастырады. Әдістемелік кеңесте мақұлданған авторлық бағдарлама («педагог-модератор» біліктілік санаты үшін) аудандық немесе қалалық деңгейдегі әдістемелік кабинет жанындағы СК ұсынылады. СК мақұлданған авторлық бағдарлама аудандық/ қалалық деңгейде тарату («педагог-сарапшы» біліктілік санаты үшін) немесе қайта өңдеу бойынша шешім шығарады.

Екінші кезеңде апробация нәтижесін жетілдіру негізінде авторлық бағдарламаны облыстық/республикалық маңызы бар қалалардағы әдістемелік кабинет (орталық) жанындағы СК ұсынылады. Сараптамалық кеңесте мақұлданған авторлық бағдарламалар облыс/республикалық маңызы бар қалалар деңгейінде тарату («педагог-зерттеуші» біліктілік санаттары үшін) немесе қайта өңдеу бойынша шешім шығарады. Облыстық әдістемелік орталықтар (кабинеттер) оң қорытынды алған жұмыстарды әрі қарай Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңеске (Сараптамалық кеңес) ұсынады.

Үшінші кезеңде педагогтің авторлық бағдарламасы Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы жанындағы РОӘК СК қарастырылады. СК педагогтің авторлық бағдарламасы бойынша мақұлданды немесе мақұлданбайды деген қорытынды шығарады. СК мақұлданған авторлық бағдарламалар республикалық деңгейде таратылады («педагог-шебер» санаттары үшін).

Авторлық бағдарламалар бойынша пайдалы сілтемелер:

- РОӘК жанындағы Сараптамалық кеңестің ережесімен мына сілтеме бойынша танысуға болады: <https://uba.edu.kz/ru/metodology/6>
- Астана ҚОӘК жанындағы Сараптамалық кеңестің ережесімен және мақұлданған авторлық бағдарламалардың базасымен мына сілтеме бойынша танысуға болады: <http://surl.li/svpuk>
- РОӘК мақұлданған авторлық бағдарламалардың базасы Академияның ресми сайтында мына сілтеме бойынша қолжетімді: <https://uba.edu.kz/qaz/innovations>
- Педагогтерге арналған Авторлық бағдарламаны әзірлеу бойынша бейнеролик Bilim 4.0 Youtube каналында қолжетімді: <https://youtu.be/n4hpjwXP2OU>
- «Педагогті әдістемелік сүйемелдеу» тақырыбында әзірленген әдістемелік құралдың екінші бөлімінде педагогтерге авторлық бағдарламаны әзірлеу бойынша әдістемелік ұсынамдар берілген: <https://uba.edu.kz/qaz>



Конкурстар мен олимпиадалар бойынша:

Педагогтердің біліктілік санатын беру (растау) талаптарының бірі

«кәсіптік конкурстардың немесе олимпиадалардың жүлдегері немесе жеңімпазы болып табылады немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың жеңімпаздарын немесе жүлдегерлерін дайындады» деп көрсетілген. Уәкілетті орган дегеніміз ҚР Оқу-ағарту министрлігі.

Педагогтер мен білім алушыларға арналған барлық конкурстар мен олимпиадалар, жарыстардың тізбесі «Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін және оларды іріктеу өлшемшарттарын бекіту туралы» **ҚР Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 бұйрығымен бекітілген.** Мысалы: ҚР Оқу-ағарту министрлігі бекіткен педагогтерге арналған іс-шаралардың тізімі көрсетілген. Толық тізбесімен мына сілтеме арқылы танысуға болады: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1100007355>.

Сараптамалық кеңес педагогтердің портфолиосын қарау кезінде педагогтердің кәсіби жетістіктері мен оқушылардың марапаттарын № 514 бұйрыққа сәйкес бағалайды.

Сонымен қатар, педагогтер мен білім алушылар үшін өткізілетін конкурстар мен олимпиадалар туралы ақпараттар **ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының ресми сайтында жарияланады** (<https://daryn.kz/kk/sample-page/>).

Зерттеу қызметі (тәжірибені зерттеу) негізінде баспасөзде мақала жариялауға рұқсаты бар басылым тізбесі:
<https://uba.edu.kz/storage/app/media/Regional%20izdania%2023.04.2024.pdf>
 сілтемесінен алуға болады.

Өңірлік басылымдардың тізбесі

№	Облыс	БАҚ тізімі
1.	Акмолинская / Ақмола	Ақмола облысы бойынша "Өрлеу" БАҰО " АҚ филиалы баспасынан шығарылатын "Учительский журнал" республикалық ғылыми-әдістемелік журналы
2.		«Вестник» Кокшетауского университета им. Ш.Уалиханова
3.	Актюбинская / Ақтөбе	«Педагогикалық даму» республикалық журналы
4.		«Педагогикалық шолу», Ақтөбе облысық әдістемелік орталық журналы
5.		«Ақтөбе ұстазы» Ақтөбе облысық әдістемелік орталық газетасы
6.	Алматинская / Алматы	«Оку-инновациялық технологиялар» Республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журнал
7.		«Мектептегі оқу-тәрбие жұмысы» Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал
8.		«Білім көкжиегі» Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал
9.		«Рухани жаңғыру» Қоғамдық-саяси, әдеби- мәдени республикалық журнал
10.		«Современное образование в школе, коллежде и ВУЗ-е» Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал
11.		«Английский язык в школе, коллежде и ВУЗ-е» Республикалық ғылыми әдістемелік журнал
12.		«Бастауыш сыныпта оқыту әдістемесі»
13.	«Мастерство воспитателя» Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал	
14.	Жетісу / Жетісу	«Жетісу» Жетісу облысының қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті
15.	Атырауская / Атырау	«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы Атырау облысы бойынша Кәсіби дамунститутының «Х А Б А Р Ш Ы В Е С Т Н И К» Республикалық ғылыми-әдістемелік журналы
16.		«Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Хабаршысы» ғылыми журналы
17.		«Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Атырау облыстық ұйымы» ҚБ (Атырау қаласы) «Ұстаздық еңбек» газеті
18.	ВКО / ШҚО	Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал «ШҚО ПЕДАГОГИКА ЖАРШЫСЫ»
19.		«Bilim KZ» республикалық педагогикалық журналы
20.		«Zamanayı ustaz» аймақтық педагогикалық газеті
21.		Республикалық ғылыми-әдістемелік «Тәжірибе алаңы»

	Жамбылская / Жамбыл	журналы
22.		Облыстық ғылыми-әдістемелік «Озық сабақ» журналы
23.		Жамбыл облыстық ғылыми-танымдық «Жас дарын» оқушыларға арналған журнал
24.		Жамбыл облыстық педагогикалық-ақпараттық «Білім шырағы» газеті
25.		«Көшбасшы мұғалім – Учитель-лидер» Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал
26.		«PEDAGOG IZDENISI – ПОИСК ПЕДАГОГА» Республикалық, педагогикалық, ғылыми-әдістемелік журналы
27.		«Педагогикадағы инновациялар – Инновации в Республикалық ғылыми-әдістемелік журналы
28.		«Педагог тәлімі – Урок педагога» Жамбыл облыстық танымдық, педагогикалық журналы
29.		«Харизм» Республикалық психологиялық- танымдық газеті
30.		«Педагог мәртебесі» облыстық педагогикалық журналы
31.		«Мұғалім жаршысы» облыстық педагогикалық газеті
32.		«Білім өркениеті» республикалық журналы
33.	ЗКО / БҚО	Ақпараттық, танымдық және әдістемелік «Zhaiyk ustazy» газеті
34.		«Жайық әдіскері» ғылыми-әдістемелік журналы
35.		Ғылыми-әдістемелік «Ustaz» журналы
36.	Карагандинская / Карағанды	Журнал Карагандинского филиала республиканский журнал «Өрлеу.Үздіксіз білім жаршысы» - Өрлеу. Вести непрерывного образования
37.		Областной методический журнал «Өрлеу. Тиімді сабақ – Өрлеу.Эффективный урок» выпускаемый издательством филиала АО «НЦПК «Өрлеу» ИПР по Карагандинской области
38.		Областная педагогическая газета «Ізденіс»
39.	Костанайская / Костанай	«Тренер-EDUCATION»
40.		«Педагогическая наука и практика»
41.		«Білім-инфо»
42.		«QOSTANAI DARYNY. KZ»
43.	Қызылординская / Қызылорда	«Педагогикалық ізденіс» ғылыми-әдістемелік журналы
44.		«ХАБАРШЫ» ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛЫ
45.	Мангистауская / Манғыстау	«Маңғыстау әдіскері» республикалық ғылыми-әдістемелік және танымдық журнал
46.	Павлодарская / Павлодар	Профессиональный журнал «Педагогикалық альманах»
47.		Информационный научно-методический «ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ПОИСК» для педагогов всех уровней образования ФАО «НЦПК «Өрлеу» ИПР по СКО
48.	СКО / СҚО	Электронная газета «Білім берудегі балалар – балаларға білім беру» для педагогов дошкольного и начального образования ФАО «НЦПК «Өрлеу»ИПР по СКО

49.		Электронная газета «Master.kz» для педагогов технического и профессионального образования ФАО «НЦПК «Өрлеу» ИПР по СКО
50.		Научный журнал «Вестник Северо-Казахстанского Университета им. М. Козыбаева» для педагогов всех уровней образования НАО «Северо-Казахстанский университет им. М. Козыбаева»
51.	Туркестанская / Түркістан	«Ыбырай» педагогтар мен балаларға арналған республикалық оқу-ағарту журналы
52.		«Педагогикалық шеберлік» республикалық ғылыми-әдістемелік журнал
53.		"БОЛАШАҚ" республикалық педагогикалық, әдістемелік, танымдық, тәрбиелік газет.
54.		1998 жылғы 21 желтоқсаннан айына төрт рет шығады.
55.	г.Шымкент / Шымкент қ.	«Алтын ұя» ғылыми-ақпараттық газеті
56.		«Жас ғалым» ғылыми-танымдық журналы
57.		«Ақылдым» балалар журналы
58.		«Алтын сандық» балалар танымдық журналы
59.		«Мектеп» ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журналы
60.		«Білім шыңы – Ғылым сыры» оқушылар мен педагогтерге арналған республикалық ғылыми-әдістемелік, танымдық журнал
61.		«Ұлт ұстазы» Республикалық педагогикалық әдістемелік журналы
62.		«Білім және Ғылым» Республикалық педагогикалық әдістемелік журналы
63.		«Жас дарын» Республикалық педагогикалық әдістемелік журналы
64.		«Оқу ағарту» Республикалық педагогикалық әдістемелік журналы
65.	г.Алматы /Алматы қ.	«Білім берудегі менеджмент – Менеджмент в образовании» - ақпарат-әдістемелік хабаршысы
66.		«Баршаға білім беру – Образование для всех»
67.	г. Астана /Астана қ.	«Zertte». Республикалық педагогикалық ғылыми-зерттеу журналы.
68.		«Білімдегі жаңалықтар» республикалық ақпаратты-әдістемелік журналы
69.		«Білімдегі жаңалықтар» журналына қосымша
70.		«Қазақстанның жасампаз ұстазы» республикалық журналы
71.		«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДИАЛОГ» педагогикалық шеберлік орталығы журналы
72.		«Педагогикалық диалог» ақпараттық-әдістемелік журналы (НЗМ ДББҰ)

Білім беру ұйымдарында педагогтерді аттестаттаудан өткізу алгоритмі

1. Ағымдағы жылдың 01 қыркүйегіне дейін педагог кадрларды аттестаттаудың перспективалық жоспарына сәйкес аттестатталатын педагогтардың тізімін жасақтау;
2. Педагогтерді аттестаттаудан өткізу үшін ағымдағы жылдың 1 қыркүйегіне дейін білім беру ұйымының бұйрығымен аттестаттау Комиссиясы (бұдан әрі – комиссия) құрылсын, құрамы бекітілсін;
3. Ағымдағы жылдың 01 қыркүйегіне дейін педагогтар қызметінің нәтижелеріне кешенді талдамалық жинақтауды жүргізу үшін білім беру ұйымының бұйрығымен әрбір пән бойынша (әр пән бойынша педагогтер болмаған жағдайда бағыттармен) Сараптамалық кеңес құру, құрамын бекіту;
4. Ағымдағы оқу жылының 1 қыркүйегінен 31 желтоқсанына дейін аттестатталатын педагогтерден өтініштер қабылдансын, оларды мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне сәйкес тіркеуден өткізсін;
5. Аттестатталатын педагогтің портфолиосы Комиссияға жіберіледі, бұдан әрі материалдар (14-қосымша) Сараптамалық кеңеске беріледі;
6. Сараптамалық кеңес ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 шілдесіне дейін педагогтар қызметінің нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтауды жүргізеді:
 - педагог материалдарын (портфолио) бағалау парағына (15-қосымша) сәйкес бағалайды;
 - біліктілік санаттарын беруге (растауға) педагогтердің портфолиосын бағалау парақтарын және нысан бойынша ұсынымдарды (17-қосымша) Комиссияға жібереді;
7. Комиссия педагогтердің портфолиосын бағалау парақтарын және Сараптамалық кеңестің ұсынымдарын қарайды және педагогтерді аттестаттау нәтижелері бойынша келесі тұжырымдармен қорытынды шешім қабылдайды:
 - 1) өтініш берілген біліктілік санатына сәйкес келеді;
 - 2) қолданыстағы біліктілік санатына сәйкес келеді;
 - 3) қолданыстағы біліктілік санатынан төмен біліктілік санатына сәйкес келеді;
8. Комиссия шешімі хаттамамен (6-қосымша) ресімделеді.
9. Хаттамадан үзінді (7-қосымша) көшірме дайындайды және педагогты электрондық поштаға жібереді;
10. Комиссия хаттамасының негізінде білім беру ұйымдары біліктілік санатын беру (растау) туралы бұйрық шығарады;
11. Біліктілік санатын беру (растау) туралы куәлік (5-қосымша) береді;
12. Біліктілік санатын беру (растау) туралы куәлік тиісті журналда тіркеледі.
13. Аттестаттаудан өткен педагогтердің тізімі аттестаттаушы органның интернет-ресурсында жарияланады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстанның білім беру жүйесінде педагогтерді аттестаттаудан өткізу өзекті мәселелердің бірі. Аттестаттау бұл педагогтердің біліктілік деңгейін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім, оның нәтижелері бойынша педагогтерге жаңа біліктілік санаттары беріледі немесе расталады. Қазіргі таңда бұл мектептердегі білім беру сапасын арттыруға және кәсіби деңгейі жоғары педагогикалық кадрлардың құрамын қалыптастыруға арналған маңызды құрал.

Педагогтерді аттестаттау бұл оны ұзақ жылдық педагогикалық қызметінің нәтижесін бағалау ғана емес, сондай-ақ педагогтың алдағы уақытта кәсіби дамуының бағыттарын анықтау үшін аса маңызды ақпарат көзі.

Педагогтің аттестаттаудан табысты өтуі өзінің педагогикалық қызметіне жауапкершілікпен тікелей қарауына байланысты. Аттестаттаудан өтетін және біліктілік санатын алуға (растауға) үміткер тұлға алдын-ала дайындалуы қажет. Себебі, күнделікті практикада соңғы жылы аттестаттауға әзірленетін педагогтер кездеседі, әрине, бұл аттестаттаудан табысты өту мүмкіндігін төмендетеді және педагогтің кәсіби шаршауына алып келеді.

Бірінші кезекте педагогтер аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын білуі маңызды. Педагог өтініш білдірген біліктілік санатына қойылатын талаптарға сәйкестігін тексеріп, жинақтауға қажетті құжаттар тізбесін анықтағаны жөн. Педагог алдына мақсат қойып, аттестаттауға дайындық жоспарын құру арқылы аттестаттау рәсіміне жүйелі әзірленеді және күткен нәтижесіне жетеді.

Аттестаттаудан өтетін педагогтерге мектеп әкімшілігі мен әріптестері тарапынан қолдауы маңызды. Білім басқармалары және білім беру ұйымдары педагогтерге аттестаттау қағидалары мен шарттарын түсіндіру жұмыстарын уақытылы және жүйелі түрде ұйымдастыруы қажет.

Сонымен қатар, педагогтер үшін тәжірибелі әріптестерінен және әдіскерлерден кеңес алу арқылы аттестаттауға сапалы дайындалуға көмек болады. Аттестаттаудан өту педагогтердің өзің үздіксіз жетілдіруге ғана ынталандырмайды және оның материалдық жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының: «Халықтың өмірін жақсарту балаларды оқыту ісінен бастау керек» деген сөзі бұрынғыдан да өзекті болып көрінеді. Ұлттың бәсекеге қабілеттілігі біздің азаматтарымыздың білім деңгейіне байланысты екенін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Білім мен ғылым - табысқа жетудің басты кілті. Біздің ең маңызды міндетіміз-өскелең ұрпақты озық стандарттар бойынша тәрбиелеу және оқыту. Сондықтан мұғалімдер қауымдастығына, яғни сіздерге жоғары жауапкершілік жүктеледі» деген сөзімен білдірген болатын. Сондықтан мұғалімдерді аттестаттау қажет. Аттестаттау-оқытушылардың педагогикалық қызметінің деңгейін бағалаудың ең тиімді тәсілдерінің бірі, бұл - өзін-өзі жетілдіруге ынталандыру. Енді марапаттар педагогке білім алушыларының жетістіктеріне сәйкес беріледі, бұл біліктілік санатын беруге әкеледі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 «Білім туралы» ҚР-ның 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы;
- 2 «Педагог мәртебесі туралы» ҚР-ның Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ;
- 3 «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығы;
- 4 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы;
- 5 «Оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендері мен оқу-әдістемелік құралдарын әзірлеу, оларға сараптама, сынақ өткізу және мониторинг жүргізу, оларды басып шығару жөніндегі жұмысты ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 24 шілдедегі № 344 бұйрығы;
- 6 «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығы;
- 7 «Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін және оларды іріктеу өлшемшарттарын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 бұйрығы;
- 8 Білім мазмұнын жаңарту жағдайында педагогикалық кадрларды аттестаттаудан өткізу. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 46 б.
- 9 «Орта білім беру ұйымдарындағы педагог қызметін бағалау құралдарын әзірлеу» әдістемелік нұсқаулық. - Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин, 2022. - 80 б.
- 10 Орта білім беру ұйымдары педагогтерін әдістемелік сүйемелдеу – Астана қаласы: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022. – 410 б.

Қағида, қосымша 9

Тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиясының төрағасына

Педагогті, бөлім басшысын (меңгерушісін), әдістемелік кабинет (орталық) әдіскерін аттестаттау рәсіміне қатысуға өтініш

—
ЖСН _____
—
(Т.А.Ә. (бар болса))

Лауазымы, жұмыс орны, электрондық пошта

20 ____ жылы

_____ лауазымы (мамандығы)

атқаратын лауазымына сәйкестігіне/сәйкессіздігіне, біліктілік санатты беру/растау аттестаттау рәсіміне қатысуға рұқсат беруіңізді сұраймын.

Қазіргі уақытта менің ____ (күні) ____ (айы) _____ жылға дейін жарамды біліктілік санатым бар.

Білім беру ұйымының атауы _____

Біліктілік санатын беру (растау) тәртібімен таныстым.

« ____ » _____ 20 ____ жыл

_____ (ҚОЛЫ)

Қағида, 16-қосымша

**Орта (арнайы), қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру
ұйымы педагогінің сабағын (оқу сабақтарын, ұйымдастырылған
қызметін, іс-шарасын) бақылау парағы**

Педагогтің Т.А.Ә. (бар болса)		Бақылаушының Т.А.Ә. (бар болса)	
Лауазымы, біліктілік санаты		Лауазымы	
Пән (ұйымдастырылған қызмет)			
Білім беру ұйымы		Бақылау күні	
Сынып (топ, жеке оқыту)			
<p>Оқыту мақсаттары үлгілік оқу бағдарламасына/ бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына/ ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға арналған бастауыш, негізгі, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламасына/ балалар музыка мектептерінің, балалар көркемөнер мектептерінің және балалар өнер мектептерінің үлгілік оқу бағдарламасына, балаларға арналған қосымша білім берудің білім беру бағдарламасына/техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары үшін жалпы білім беретін пәндер циклінің немесе модулінің үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес <i>Ескертпе: тәлімгер, педагог – ұйымдастырушы – білім беру ұйымын дамыту бағдарламасына сәйкес</i></p>			
Сабақтың (оқудың, іс-шараның, ұйымдастырылған қызметтің) тақырыбы, мақсаттары			
Бағалау критерийлері			деңгейі
1.	Жоспарлау		
1.1	Сабақтың (оқудың, іс-шараның) мақсаттары оқу мақсаттарына (күтілетін нәтижелерге) сәйкес келеді барлық білім алушыларға (тәрбиеленушілерге) нақты және қол жетімді		
1.2	Оқыту (тәрбиелеу) әдістері мен ресурстары мақсат пен күтілетін нәтижелерге сәйкес келеді жас (жеке) ерекшеліктеріне сәйкес келеді білім беру қажеттіліктеріне сәйкес келеді әдістер мен ресурстарды: - тәжірибені зерттеу нәтижелерін ескере отырып (<i>педагог-зерттеуші</i>) - авторлық бағдарлама негізінде (<i>педагог-шебер</i>) қолдану жоспарланады		
1.3	Бағалау (тапсырмалар) әдістері, құралдары мақсат пен күтілетін нәтижелерге сәйкес келеді		

	жас (жеке) ерекшеліктеріне сәйкес келеді				
	сабақтың (оқудың, іс-шараның) барлық кезеңдерінде оқушыларды өзін - өзі және (немесе) өзара бағалау (МЖМБС орындауды талап етпейтін білім алушылар үшін педагогпен бірлескен бағалау) процесіне тарту жоспарланады				
	бағалау (тапсырмалар) әдістерін, құралдарын қолдану: - тәжірибені зерттеу нәтижелерін ескере отырып (<i>педагог-зерттеуші</i>) - авторлық бағдарлама негізінде (<i>педагог-шебер</i>) жоспарланады				
2.	Оқыту (ұйымдастыру, өткізу)				
2.1	Функционалдық сауаттылықты дамытуды ескере отырып, сабақтың (оқудың, іс-шараның) материалын ұсыну				
	терминдер мен ұғымдардың дәйекті және өзара байланысты игерілуі көрінеді				
	әр түрлі дереккөздерден ақпаратты іздеу, алу және түсінік беру дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмалар қолданылады				
	білім алушылар (тәрбиеленушілер) материалды практикалық тұрғыда қолдану тәсілдерін анықтауға тартылады				
2.2	Цифрлық білім беру ресурстарды және қосымша дереккөздерді қолдану				
	жеке қажеттіліктерді ескере отырып, (педагог) әзірлеген цифрлық білім беру ресурстары (бар болса) пайдаланылады				
	білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) қабілеттерін дамытуды ескере отырып, зерттелетін тақырып бойынша дереккөздерге сілтемелер мен түсініктемелер (қосымша дереккөздерге сілтемелерді қоса алғанда) беріледі				
2.3	Оқыту (тәрбиелеу) әдістерін, тапсырмаларды, ресурстарды, саралау тәсілдерін қолдану				
	оқыту әдістері білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) өзара әрекеттесуіне ықпал етеді (немесе «педагог-білім алушы (тәрбиеленуші)»)				
	білім беру қажеттіліктері мен жеке ерекшеліктері ескеріледі				
	тапсырмалар мен ресурстарды саралау білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) білім беру қажеттіліктеріне сәйкес келеді (<i>оның ішінде оқу нәтижелері төмен білім алушыларға (тәрбиеленушілерге) қосымша нұсқаулар беріледі</i>)				
	сабақтың (іс-шараның) барлық кезеңдерінде оқушылардың тақырыпқа танымдық қызығушылығын жандандыру тәсілдерін (қызмет түрлерін өзгерту, эмоционалдық, көзбен байланыс, аты-жөні бойынша сөйлеу және т. б.) қолданады.				
2.4	Сабақтың (оқудың, іс-шаралардың) құрылымы, уақытты ұтымды пайдалану				
	сабақтың (оқудың, ұйымдастырылған қызметтің, іс-шараның) құрылымы сақталады, бұл ретте педагог білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) қажеттіліктеріне сәйкес өзгерістер керек екенін ескереді				
	уақыт ұтымды үлестіріледі (тайм-менеджмент сақталады)				
	педагог пен білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) сөйлеу балансы (қарым-қатынастың басқа түрлері) сақталады				
2.5	Білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) өзара әрекеттесуін ұйымдастыру				
	білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, өзара әрекеттесудің әр түрлі формаларын қолдануда (<i>топтық жұмыс кезінде рөлдер бөлінеді</i>)				

	тепе-теңдік (ұтымдылық) сақталады				
	білім алушылар (тәрбиеленушілер) талқылауға белсенді қатысады				
2.6	Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дамыту ресурстар, тапсырмалар құндылықтардың дамуына ықпал етеді				
	білім алушылар (тәрбиеленушілер) құндылықтарға адалдығын көрсетеді				
3	Бағалау (мониторинг)				
3.1	Бағалау (тапсырмаларды) әдістерін, құралдарын қолдану				
	білім алушылар (тәрбиеленушілер) мақсаттар қоюға және күтілетін нәтижелерді анықтауға тартылады				
	сабақтың (оқудың, іс-шаралардың) барлық кезеңдерінде білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) үлгерімі бағаланады				
	бағалау (тапсырмаларды) әдістері, құралдары барлық білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) сабақтың (іс-шараның) мақсаттары мен күтілетін нәтижелеріне қол жеткізуге ықпал етеді (білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) білім беру қажеттіліктеріне сәйкес бейімделген бағалау әдістерін пайдалана отырып)				
	уақытылы кері байланыс беріледі, дағдыларды дамыту бойынша ұсыныстар беріледі (қажет болған жағдайда бағалау құралдарын қолдана отырып)				
	сабақтың (оқудың, іс - шаралардың) барлық кезеңдерінде өзін-өзі және (немесе) өзара бағалау (МЖМБС орындауды талап етпейтін білім алушылар үшін педагогпен бірлескен бағалау процесі) үшін мүмкіндіктер береді <i>Ескерту: тәлімгер, педагог-ұйымдастырушы, тәрбиеші - іс-шараның, ұйымдастырылған қызметтің мақсаттарына сәйкес</i>				
	рефлексия сабақтың (оқудың, іс-шараның) мақсаттары мен күтілетін нәтижелеріне сәйкес келеді, дағдыларды дамыту жоспарланады				
4	Рефлексия				
4.1	Сабақ (оқу, іс-шара) бойынша рефлексия				
	білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) мақсаттарға (күтілетін нәтижелерге) қол жеткізуі негізінде сабақты (іс-шараны) бағалау жүргізіледі				
4.2	практиканы дамыту бойынша және сабақтың (оқудың, іс-шараның) сапасын бағалау негізінде бағыттар мен нақты іс-әрекеттер айқындалады				
	барлығы				
	қорытынды (max 102)				
Ұсыныстар					

Қолы _____ Бақылаушының Т.А.Ә. (болған жағдайда)

«Танысты»

Қолы _____ Педагогтің Т.А.Ә. (болған жағдайда)

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	6
1. Педагогтерді аттестаттаудан өткізудің жаңа қағидалары мен шарттары.....	7
2. Педагогтерге аттестаттаудан табысты өтуге арналған кейстар.....	29
3. Аттестаттаудан өтуге дайындалу бойынша әдістемелік ұсынымдар.....	36
4. Білім беру ұйымдарында педагогтерді аттестаттаудан өткізу алгоритмі	41
5. Қорытынды.....	42
6. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	43
7. Қосымша.....	44-47